

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 17: «Қазіргі аграрлық ғылым: цифрлық трансформация» атты халықаралық ғылыми – тәжірибелік конференцияға материалдар = Материалы международной научно – теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 17: «Современная аграрная наука: цифровая трансформация», посвященной 30 – летию Независимости Республики Казахстан.- 2021.- Т.1, Ч.1 - С.171-173

## **СИЫРЛАРДЫҢ СУБКЛИНИКАЛЫҚ ЖЕЛІНСАУЫН САЛЫСТЫРМАЛЫ ТҮРДЕ ЕМДЕУ ӘДІСТЕРІ**

*Рысбекова Ж.Ж.,  
Әбдірахманов Т.Ж.*

Сүт өндіретін шаруашылықтар Қазақстан Республикасы бойынша өз жұмысын жандандыра бастады. Қазіргі кезде еліміздің тәуелсіздігін дамытып, экономикасын жоғары деңгейлерге жеткізу мақсатында мал шаруашылығының алатын орны ерекше.

Сүттің сапалылығына желінсауға шалдыққан сауын сиырлардан алынған сүті себепші фактор болып табылады. Қазіргі уақытта желінсаулар барлық шаруашылықтарда кең тараған. Осы көрініс шаруашылықтың дамуына едәуір зиян келтіреді [1].

Көптеген отандық және шет елдік әдебиеттерде желінсауға шалдыққан сиырлардың сүт өнімділігі 15 % дейін төмендейді, сонымен бірге ауырған сиырлардың 20-25% саууға жарамсыз болып, олардың шаруашылықта пайдалану мерзімі 2-3 жылға қысқарады [2,3].

Субклиникалық желінсаудың қауіптілігі оның ешбір белгісі білінбей жабық түрде өтуі, мұның клиникалық белгілері жоқтығымен сипатталады. Бұл жағдайда сүтті зертхалалық зерттеу әдістері: бромтимолмен көгімен, мастидин немесе димастидин, индимаст, сульформаспен реакция жасау, тұндыру пробасымен және басқа әдістермен анықтауға болады [4,5,6].

Зерттеу мақсаты: Сиырлардың субклиникалық желінсауын диагностикалық тестпен анықтау және салыстырмалы түрде ем шараларын жүргізу.

Міндеттер:

-Шаруашылықтағы сауын сиырларды Кенотест арқылы субклиникалық желінсауға зерттеу.

-Сиырларды субклиникалық желінсау кезінде әртүрлі емдеу әдісін жүргізу.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу жұмыстары 2020-2021 жылдары Шығыс Қазақстан облысы, Аягөз ауданы, Ақшатау ауылы «Есімбек» шаруа қожалығындағы сүтті бағыттағы сиырларға жүргізілді. Ғылыми зерттеу бөлімі С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық

университеті «Ветеринарлық медицина» кафедрасының биохимиялық және Аягөз қаласындағы зертханаларында жүргізілді. Сонымен қатар зерттеу әдістері клиникалық-диагностикалық зерттеулер, зертханалық-анализдік тәсілдері қолданылды.

Зерттеу құралдары ретіндесиырлар, диагностикалық тест-Кенотест, оксира, альвесол.

Зерттелген сиырлардың ішінен 20 бас диагностикалық тест бойынша оң нәтиже берді. Осы оң нәтиже берген сиырлардан екі топ құрдық, әрбір топқа 10 бастан құрастырдық. Топ бойынша емдеу үлгісі төменде көрсетілген:

1 топ - Бақылау тобы:Массажға келесі дәрілік заттар қолданылды: камфора майы 50 мл, мастисан 24 сағатта бір 20 мл, оксира 200 ЛА – 1 мл – 10 кг тірі салмағына бұлшық етке 3 күнде 1 рет.

2 топ - Тәжірибелік топ: Массажға келесі дәрілік заттар қолданылды: камфора майы 50 мл, мастисан 24 сағатта бір 20 мл, альвесол – 10 мл күніне 1 рет бұлшық етке.

Бірінші, яғни бақылау тобындағы сиырларды шаруашылықта қолданылып жүрген ем жобасымен емдедік. Үш күнде бір рет Кенотеспен тексеріп қан алынып зерттеуге жіберіліп отырылды.

Зерттеу нәтижелері. «Есімбек»ЖШС шаруашылығында сиырлардың субклиникалық желінсауын анықтаудың нәтижесі 1– кестеде көрсетілген.

1– Кесте-Кенотеспен сүт сынамаларын зерттеу кезінде алынған нәтижелер

Диагностикалық тест	Сынамалар саны	Реакция нәтижелері		Анықталған ауру сиырлар саны
		Оң	Теріс	
Кенотест	182	20	162	20
Тұнба сынамасы	182	20	162	20

1– кестеде көрсетілген мәліметтерге сүйенсек, онда жалпы 182 бас сиырларды зерттеу кезінде 20 үлгісінде оң нәтиже алынды. Сонымен қатар бақылау ретінде «тұнба сынамасы» жүргізілді.

Келесі жұмысымыздың кезеңі - ол ауру сиырларға қолданылған дәрілер болып саналды. Осы кездегі алынған мәліметтер 2-3 кестелерде келтірілген.

2-Кесте. Емдеуден кейінгі сиырлардың кан сарысуының биохимиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштер аты	Норма	Сиырлар саны(бас)				
		1	2	3	4	5
Аланинаминтрансфераза/ө.б/л	6,9-35	11,8	27.5	14,7	13,32	12,7

Аспартатотрансаминаза/ө.б/л	45-110	35,90	97,30	39,14	40,64	37,9
Глюкоза/ммоль/л	2,2-3,3	0,28	0,94	2,64	3,15	1,49
Несепнәр/ммоль/л	2,8-8,8	4,75	5,38	6,16	6,05	5,58
Жалпы ақуыз/г/л	72-86	78	53	94	77	69

Кестеде емдеу барысы кезінде 9 күннен кейін алынған қан сарысуының биохимиялық көрсеткішінің норма сәйкестендіріліп қалғандығын байқауға болады. Осы көрсеткіштерден кейін ем нәтижелі болғандығы анықталды.

### 3– Кесте. Екі топтағы сиырларға жүргізілген ем үлгілері (n=20)

Емдеу топтары	Қолданылған препараттар Дозасы және инъекция орны	Препаратты енгізу күндері	Сауығу мерзімі
Бақылау тобы	<i>Массажға қолданылған дәрілер:</i> Камфора майы 50 мл; Мастисан 24 сағатта бірт 20 мл; Оксира 200 ЛА – 1 мл -10кг салмаққа бұлшықетке 3 күнде 1 рет	5	9 күннен соң сауықты, сауын деңгейі қалпына келді.
Тәжірибе тобы	<i>Массажға қолданылған дәрілер:</i> Камфора майы 50 мл; Мастисан 24 сағатта бір 20 мл; Альвесол – 10 мл күніне 1 рет бұлшықетке	4	6 күннен соң сауықты, сауын деңгейі қалпына келді.

Жоғарыда келтірілген 3 кестеден өткізілген ем үлгілері жобасын және ем нәтижесі ретінде барлық тәжірибеге алынған сиырлардың сауыққанын көруге болады. Сонда да сиырлардың сауығы мерзімдері біркелкі болмады, ол 1-ші бақылау топта 9 күнді, ал 2-ші топта 6 күнді құрады.

#### Қорытынды

1. Шаруашылықта жалпы 182 бас сиырдың ішінен Кенотестпен зерттеу кезінде 20 бас оң нәтиже берді, яғни ол 10,9 % құрады.

2. Екінші үлгідегі сиырларды Альвесол басқа препараттармен кешенді қолдану кезінде, бірінші топтағы емдеу үлгісіне қарағанда 3 күнге қысқарды.

#### Әдебиеттер тізімі.

1. Жақыпов И.Т., Әбдірахманов Т.Ж., Ахметов А.Н. Акушерлік, гинекология және жануарларды көбейту биотехникасы практикумы: Астана: С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, 2012.-232 б..

2. Әбдірахманов Т.Ж., Ветеринариялық акушерлік және гинекология оқулық: Бастау:, 2018.-317 б..

3. Әбдірахманов Т.Ж., Ауылшаруашылық жануарларының сүт бездері аурулары: Астана: 2018.-129 б..

4. Қазақстан Республикасы. Өнертабысқа Инновациялық патент. Сиярлардың жәнәсаулықтардың желінсауынан ықтаутәсілдері / Әбдірахманов Т.Ж., Бакишева Ж.С., Болат Б., Бакишев Т.Г.. - No31174. - Астана, 2016.
5. Biggadike H. Environmental mastitis: prevention dry cow and o her therapies // Farming Press Books, 2001
6. Mahantesh M. Kurjogi, Basappa B. Kaliwal Epidemiology of Bovine Mastitis in Cows of Dharwad District // International Scholarly Research Notices. - 2014.